

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – сінің
2025 -2026 оқу жылында артқарылған жұмыстар бойынша әлеуметтік педагогтың
ЕСЕБІ

I. Сыныптар мен мектептің әлеуметтік паспортизациясын жүргізу

2025-2026 оқу жылына арналып, қыркүйек айында 1-11 сыныптың сынып жетекшілері әр сыныптың әлеуметтік паспорттарын дайындап тапсырды. Соның негізіндегі ақпараттарға сүйене отырып, мектептің әлеуметтік паспорты дайындалды.



«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-сінің

ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТЫ

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	99	100
	Отбасы түрі бойынша:		
	Толық отбасылар	2	2
1.	Толық емес отбасылар	47	47,4
2.	Анасы жоқ балалар	5	5,5
3.	Әкесі жоқ балалар	0	0
4.	Көп балалы отбасы	3	3
5.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	19	19,1
6.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	0
7.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	0	0
8.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
9.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	2	2
10.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	4	4
11.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
12.	Ата-аналарының білімі:		
	1. Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	0	0
	2. Техникалық және кәсіптік	47	47,4
	3. Орта	53	53,5
		44	44,4

«Тайм-менеджмент және өзін-өзі ұйымдастыру» жұмыстарына сәйкес 1-4 сынып және 5-11 сынып оқушылары жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріле отырып «Жас суретшілер» «Абай клубы» «Адал ұрпақ», «Даналық мектебі», «Шапағат дебат клубы», «Үстел теннисі» «Шахмат», «Тоғыз құмалақ», «Волейбол» үйірмелеріне тартылды.

II жартыжылдықта жаңа оқушылардың келуіне байланысты, құжаттарға толықтыру жұмыстары жүргізілді.

2025–2026 оқу жылында әлеуметтік педагог жұмысы мектептің жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, әлеуметтік қолдау көрсету, құқықтарын қорғау, құқықбұзушылықтың алдын алу, ата-аналармен тығыз байланыс орнату және қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыру болды.

II. Балалық шақты қорғау жұмысы



Қыркүйек айында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес «Алкогольдің зияны» тақырыбында 5-сынып оқушыларымен танымдық лекция-сабақ өтті.

Сабақ барысында оқушылар алкогольдің адам ағзасына тигізетін кері әсері, денсаулыққа, мінез-құлыққа және болашаққа тигізер зияны туралы маңызды мәліметтермен танысты. Балалардың жас ерекшелігіне сай түсіндіру арқылы салауатты өмір салтын таңдаудың маңыздылығы

айтылды.

Мақсаты: оқушыларға алкогольдің зияны туралы түсінік беру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу және зиянды әдеттерден аулақ болуға бағыттау.



Жылдық жоспарға сәйкес қазан айында «Темекінің зияны» тақырыбында 6-сынып оқушыларымен танымдық лекция-сабақ өткізілді

Сабақ барысында темекінің адам ағзасына тигізетін кері әсері, тыныс алу жүйесіне, жүрек пен ми қызметіне зияны, сондай-ақ зиянды әдеттердің болашақ өмірге ықпалы туралы мағыналы ақпараттар берілді. Оқушылар өз денсаулығын қорғаудың маңызын түсініп, салауатты өмір салтын таңдауға шақырылды.

Мақсаты: оқушыларға темекінің зияны туралы түсінік қалыптастыру, денсаулықтың басты байлық екенін ұғындыру және зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

24 сәуір күні 5–6 сынып оқушылары арасында «Жауапкершілік және оны жүзеге асыру. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыбында әңгіме сабағы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, заң алдындағы жауапкершілікті түсіндіру, құқықбұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауын насихаттау.

Сабақ барысында оқушыларға кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, құқықбұзушылықтың салдары, қылмыстық жауапкершілік түрлері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, түрлі өмірлік жағдайлар мысалға алынып, оқушылар өз пікірлерін ортаға салды.



Мамыр айында мектеп психологімен бірлесе отырып 5–11 сынып оқушылары арасында **буллингтің алдын алу** мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижесіне сараптама жасалды.

Іс-шараның мақсаты – білім алушылар арасындағы буллинг, кибербуллинг жағдайларын анықтау, оқушылардың психологиялық ахуалын бақылау, өзара қарым-қатынас деңгейін зерделеу және қауіптің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

III. Әртүрлі есепке алынған білім алушылармен жеке-алдын алу жұмысы

Мектеп бойынша есепте тұрған оқушылар жоқ, алайда қауіп- қатер тобына жататын оқушылармен жеке әңгімелесу, сурет салу, түрлі тест, ойын тапсырмалары арқылы сырттай және жеке бақылау жұмысы жүргізілді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттесу жұмысы

5-11 сынып оқушыларынан анонимді түрде «Мұғалім оқушы көзімен» атты психологиялық тест алынып қорытынды жасалды. Нәтиже ұстаздарға педагогикалық кеңесте оқылады.

Мұғалім оқушы көзімен

№	Қасиеттері	Мұғалімнің аты-жөні
1	Материалды анық ,түсінікті етіп баяндайды	
2	Сұрақтар қойып, пікірталас тудырады	
3	Сөйлеу қарқыны бірқалыпты,дикциясы анық, сөйлеу мәдениетін көрсете алады.	
4	Маған осы пән мұғалімнің сабақ беруі ұнайды	
5	Талапшыл мұғалімді ата	

6	Оқушымен қарым-қатынас жасау үшін өзінің жеке уақытын бөледі	
7	Мінез-құлқы бойынша үлгі бола алады	
8	Оқушылармен қарым-қатынаста қаталдық танытады	
9	Қай мұғалімнің іс-әрекетері сізге қуаныш сыйлайды	
10	Сіз мұғалім тарапына қандай ескертулер, тілектер айтқыңыз келеді?	

II жартыжылдықта мектеп ұстаздары, жұмысшылары және оқушылар арасында жылы қарым- қатыс орнату мақсатында, «Алғыс айту күні» қарсаңында стикермен, жапсырмалармен алмасу арқылы алғыс айту дәстүрі ұйымдастырылды.



30 сәуір күні 9-11 сынып оқушылары арасында “Менің болашақ мамандығым” және “Мен көшбасшымын” тақырыптарында әрі тартымды сайыс өтті! Сайыс барысында өздерінің болашақ мамандықтарына деген көзқарастарын білдіріп, көшбасшылық қасиеттерін көрсете алды. Қатысушылар түрлі кезеңдерден өтіп, тапқырлығы мен білімін, жылдамдығы мен шешім қабылдау қабілетін дәлелдеді



ҚЫЗЫҚТЫ
ОҚУШЫЛАР

https://www.instagram.com/p/DXwVVwwjcS0/?img_index=1&igsh=bjN4NmljdDhtcWly

V. Ата-аналармен (отбасымен) немесе білім алушылардың басқа да заңды өкілдерімен алдын алу жұмысы

23 желтоқсан жалпы мектепшілік ата- аналар жиналысында Зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасы, мектеп және қоғам арасындағы байланысты нығайту. (Буллинг, кибербуллинг, эмоционалдық зорлық түрлері туралы ақпарат берілді.

Мақсаты: Балаларды зорлық-зомбылықтың (буллинг, кибербуллинг, эмоционалдық зорлық) түрлерімен таныстыра отырып, оның алдын алу жолдарын түсіндіру, отбасы, мектеп және қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру.

<https://www.instagram.com/reel/DSmwnL3DUPz/?igsh=cXZldnU3Yms0aGN6>

13.05.2026 жылы мектебімізде жергілікті учаскелік полиция инспекторы Шалов Ерлан Амангелді ұлының қатысуымен жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс тақырыбы: «Жазғы демалыс – балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуының кезеңі».



Мектептің тәрбие ісінің орынбасары Кожаметова Алиямен бірлесе отырып, балалардың жазғы демалыс уақытын тиімлі өткізу мақсатында

Мектеп жанындағы “Жұлдызша” лагері мектепшілік “Шахмат”, “Волейбол”, “Ұлттық ойындар” үйірмелерінің жұмыс жоспарлары жасалық мектеп оқушылары түгелдей тартылды.

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша Білім бөлімі Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-нің директоры: *Г.Т.Сергазинова*

Орындаған: Әлеуметтік педагог Жолжақсы Ш.
Тел: 36-3-21